23	"Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық".	Тұрмыстық техника жайлы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; "жеңіл - ауыр", "суық - ыстық" заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдық жұптар құрауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "тұрмыстық техника", "көмекші" сөздерін еңгізу; "тоңазытқыш", "шәйнек", "шаңсорғыш", "тоқ пеш", "кір жуғыш машина", "суытады", "жуады", "үтіктейді", "шаң сорады", "қайнатады", " адамға көмектеседі" сөздері мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.	Робототехника тақырыбына ырғақты әуен аудиотаспасы. Кейбір тұрмыстық техникаларының дыбысы білдіретін аудиотаспа . Демонстрациялық сурет: "Тұрмыстық техника". Тұрмыстық техника түрлерінің демонстрациялық заттық суреттері: тоңазытқыш, шәйнек, шаңсорғыш, тоқ пеш, кір жуғыш машина. Заттың қасиеті мен қалыбын сәйкестендіру үшін сөзді-	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ырғақты сәт. Сурет бойынша сөздік жұмыс. "Тұрмыстық техника". Өлеңді мәнерлеп оқу. Есте сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. "Таныс сөзді тап". Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. "Біздің үйдегі көмекшілер". Антонимдық жұп құрау негізінде сөзді-практикалық жаттығу. "Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық".	1	Ақпан айы 10.02.26ж

					практикалық жаттығуға арналған суретті-сызбалар. - жартылай суға толған, шыны стақан: біреуі тұтас шыны, екіншісінің қабырғалары терлеген; - қол саусақтары стақанның астынғы бөлігін, үстел деңгейінде жақын ұстау; - үстелдің үстінде екі текше: бірдей көлемді пластикалық және ағаш екі текше; - бір қолда пластик текше жоғары көтерілген, екінші қолда ағаш текше төмен орналасқан; Заттардың			

					орналасуын бағдарлау үшін оң, сол жаққа бөлінген жұп суреттер. Үстел үстінде суық және жылы су құйылған екі стақан, пластик және ағаш екі жұп текше.			
24	"Кел, жаттығайық! Адамның дене мүшелері. Оң - сол".	Балалардың адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту;салауатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы, түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, "сол", "оң" жақ туралы түсініктерін бекіту; сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз денесімен сәйкестендіре білуге үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "дене мүшелері", "спортшы", "дене", "бас", "сол", "оң" сөздерін еңгізу; "бас", "қол", "аяқ", "дене", "мықты", "көкөністер", "жемістер", "дәрумендер" сөздері арқылы	Демонстрациялық сурет: Аланның спорттық киімдегі бейнесі. Сурет-сызба: адам денесінің құрылысы. Тақпақты айтып отырып, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға арналған түрлі қарқындағы аудиотаспалар. Заттық суретті-	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ырғақты жаттығу. "Кім спортшы?" "Дене" сызба-суреттер негізінде "дене мүшелері" түсінігін модельдеу жаттығуы. Ым-ишара мен жарыс элементтері негізінде тақпақ жаттауға арналған жаттығу. "Нағыз спортшылар". Аталынған жақпен әрекетті сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу.	1	Ақпан айы 17.02.26ж

		қолдарын ажырату біліктіліктерін, жағымды эмоция білдіре білуді дамыту.		сөздік қорларын молайту.	карточкалар: жемістер мен көкөністер.	"Сол - оң". Тапқырлық пен ойлауға арналған жаттығу. "Ойлан, тап".		
25	"Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары".	Балалардың көктем мезгілі, 8 наурыз-әйелдер мерекесі жайлы түсініктерін дамыту; қазақша көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгіме модельдеу біліктіліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; есте сақтау, көру, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктіліктерін дамыту.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "көктем мезгілі", "аналар мерекесі", "жаңбыр жауды" сөздерін еңгізу; "тарс-тұрс", "тырс-тырс" еліктеуіш сөздері мен "көктем келді", "құстар ән салады", "қар ериді", "жылғалар ағады" сөз тіркестерінің көмегімен сөйлеу	"Көктем" тақырыбын айқындайтын көңілді әуен аудиотаспасы. Демонстрациялық сурет "Көктем келді!". Суретті қарастыруға арналған "сиқырлы сақина" моделі. "Көктем келді!" тақырыбына әңгіме модельдеуге арналған мнемокестелер. Орташа қарқындаға ырғақты әуен аудиотаспасы.	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Сурет көрсету «Көктем келді». Көркем сөз."Көктем". (Б. Жақып) "Сиқырлы сақина" моделі негізінде суретті сипаттауға арналған сөздік жаттығу. Мнемокесте негізінде көктем жайлы әңгіме модельдеуге арналған жаттығу. "Көктем келді!". Логоырғақ. «Жаңбыр жауғанда». Өлеңді мәнерлеп, қайталап оқу. Суретті-сызба негізінде өлең жаттатыруға арналған жаттығу. "Көктем".	1	Ақпан айы 24.02.26ж

				қорларын арттыру.	"Көктем" тақырыбының мазмұны бойынша суретті-сызбалар: Көктем жайлы тақпақты сүйемелдеу үшін көңілді, ырғақты әуен аудиотаспасы.			
26	"Ертегі оқу: "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін".	Балаларды "Торғай мен тышқан" ертегісімен таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, мезгілдік өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту; құбылыстар тізбегін түсініп, "алдымен","кейін" ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауларын, есту зейінділіктерін, есте сақтауларын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздіктеріне "жортады", "қап", "жарды", "дән", "алдымен", "кейін" сөздерін еңгізу; "егін екті", "көмек сұрады", "жылғалар ақты", "сылдыр-сылдыр", "қар еріді" сөз тіркестері	Ертегі тақырыбын айқындайтын "сиқырлы" әуен аудиотаспасы. Суреттер: торғай, тышқан. Сөздік жұмысқа арналған суреттер: - торғай қоймада жүгіріп, иіскеп бірдене іздеп жүр ; - қап толы бидай, бір жағынан тесіктен бидай жерге төгіліп жатыр; - қап толы бидай,	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ертегі тақырыбын айқындайтын "сиқырлы" әуен естіледі. Сурет бойынша сөздік жұмыс. Ертегіні мәнерлеп оқу. "Торғай мен тышқан". Ертегі мазмұның модельдеуге арналған сөздік жаттығу. Ым-ишараға сүйеніп, сөзді-ырғақты музыкалық жаттығу. "Торғай ағаш қорғайды". Өлең негізінде	1	Наурыз айы 03.03.26ж

		әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке тәрбиелеу.		арқылы сөздік қорларын арттыру.	бір жағынан тесіктен бидай жерге төгіліп жатыр, жанында тышқан дән кеміріп отыр; - мысық білдірмей келе жатыр, қорыққан тышқан қашуға тырысады. Ертегі мазмұны бойынша демонстрациялық суреттер бөлімі: "Торғай мен тышқан". Ырғақты жаттығуға аудиотаспа. Ертегі желісінен тыс суреттер. Сөзді-логикалық жаттығуға арналған суреттер тізбегі.	артикуляциялық жаттығу. "Жылғалар ағады". Сөзді-логикалық жаттығу. "Алдымен? Одан кейін?".		
27	"Азық-түліктер. Наурыз көже	Балалардың Наурыз мерекесі, азық-түлік түрлері	Сөздік жұмыс.	Сөздіктеріне "наурыз-	Қазақтың ұлттық әуендерінің	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.	1	Наурыз айы

	дайындаймыз".	туралы түсініктерін кеңейту; наурыз көженің құрамымен оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын дамыту; құрдастарымен топта жұмыс жасау, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауларын, есту зейінділігін, қатынастық дағдыларын дамыту.	Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	көже", "сүт өнімдері", "ет тағамдары", "ұн тағамдары", "қазы", "құрт" сөздерін еңгізу; сондай-ақ азық-түліктің үш түрі мен наурыз көжеге қосылатын азық-түліктерді атау арқылы тіл байлықтарын арттыру.	аудиотаспасы. Демонстрациялық суреттер: - Алан мен Дана ұлттық киімдерде, көңілсіз; - Алан мен Дана ұлттық киімдерде, билеп, көңіл көтеруде. Демонстрациялық сурет: Наурыз мерекесі. "Азық-түліктер" тақырыбы үшін интеллектуалды карта. Негізгі азық-түліктер үшін, үш басты суретті-фишкалар. Бастапқы интеллектуалды карта сызбасы. Суретті-сызба: беттің жоғарғы бөлігінде үш үлкен сопақша орналасқан,	Жаттығу "Кел, сәлемдесейік". Көркем сөз. "Жарқырап тұр күніміз" (Ә. Табылдиев) өлеңін мәнерлеп оқу. Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. "Азық-түліктер". Сөздік жаттығу "Жаңғырық". Жаттығу "Қандай сөзге ұқсас?". Жаттығу "Фишкаға орын тап". Көркем сөз. "Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің..." (Д. Қ Бұланбаева) Санамақ негізінде сөздік жаттығу. "Наурыз көже". Есте сақтауға сөздік жұмыс. "Есте сақта": "Әке - асқар тау, ана - бұлақ, бала - жағадағы құрақ".		10.03.26ж

					әрқайсысынан төмен қарай бірнеше сәуле тарайды, бос дөңгелектермен аяқталады. Сурет: Мерекелік дастарханда наурыз көже. Суреттер жолағы: су, ет, тұз, дәнді дақыл, құрт, сүт пен ұн. Орташа қарқындағы ырғақты әуен аудиотаспасы Суретті-сызба: шыңын қар басқан тау, бұлақ, жасыл шөп. Заттық суретті-фишки: айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр; шұжық, сосиска, қазы, кәуап, котлет; ұн			

					тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, блины.			
28	"Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі".	Балалардың Наурыз мерекесі, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; қазақтың ұлттық аспаптары, музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; артикуляцияларын дамыту; есте сақтау мен ой-өрістерін дамыту.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "шебер", "шеберхана", "күй", "дутар", "қобыз", "балалайка", "сырнай" сөздерін еңгізу; "тынды-брынды", "тенди-ленди", "тинди-блинди", "тю-лю-лю", "ты-ды-дым" теңеулері арқылы сөйлеу тілдерін молайту.	Орташа қарқынды ырғақта домбырада шертілген күй әуенінің аудиотаспасы Наурыз мерекесі тойланған демонстрациялық сурет. Музыкалық аспап домбыра. Демонстрациялық заттық суреттер: домбыра, сырнай, қобыз, дутар, балалайка. Суретті қарастыру үшін көрсеткіш немесе "сиқырлы сақина". Музыкалық аспаптарды дайындайтын	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз. "Тарт күйіңді, домбыра!" (І. Жансүгіров) Сурет бойынша мәнерлеп әңгімелеу. "Шеберхана мен музыкалық аспаптар". Артикуляциялық жаттығу. "Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?". Байланыстыра сөйлеуді дамытуға арналған сөздік жаттығу. "Ұлттық аспаптардың музыкалық оркестрі". Есте сақтауға сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Жарқырап тұр күніміз...".	1	Наурыз айы 17.03.26ж

					шеберхананың демонстрациялық суреті Баяу қарқынды, ырғақты әуеннің аудиотаспасы. Құрманғазының "Адай" күйінің аудиотаспасы." Музыкалық аспаптардың сұлбалары: дутар, домбыра, балалайка, қобыз, сырнай.			
29	"Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау".	Балаларда ғарыш жайлы, ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сан қатары, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау; қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "ғарышкер", "ғаламшар", "бет әлпет" "дұлыға" сөздерін еңгізу; 10 дейін тура және кері санау арқылы сөздік қорларын	Ғарыш атмосферасын айқындайтын аудиотаспа дыбысы. Демонстрациялық суреттер: - ғаламшарлар әртүрлі орналасқан ғарыш суреті; - күн жүйесінің	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Сурет негізінде ғарыш туралы кіріспе әңгімелесу Сызба мен өз денелерін сәйкестендіру негізінде сөздік жұмыс. "Бет бөліктері". Суретті қарастыру негізінде сөздерге дұрыс жалғау қосуға сөзді-логикалық жаттығу.	1	Наурыз айы 31.03.26ж

		жалғауларды дұрыс қосып айтуды үйрету; сөз ішінде [Ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауды жаттықтыру; ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.		арттыру.	ғаламшарлары бір қатарда орналасқан ғарыш суреті; - 1-ден 10-ға дейін нөмірленген күн жүйесінің ғаламшарлары бір қатарда орналасқан ғарыш суреті; Демонстрациялық суреттер: Алан, Вики және Дана ғарышта. Орташа қарқындағы ырғақты әуен аудиотаспа. Тынышталдыратын, ғарыш кеңістігін елестететін әуен аудиотаспасы. Топтарға арналған екі нұсқадағы таратпалы фишкалар	"Нелер көрінбейді?". Сөздерді есту негізінде ым-ишара жаттығуы."Скафандрды киеміз". Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. "Біз ғарышкерміз". (Т. Молдағалиев) Тура және кері санау негізінде логикалық жүйелікті нақтылауға арналған сөздік жаттығу. Есту зейінділігі мен босансуға арналған жаттығу.		

					жиынтығы: қызыл, көк, сары, тоқсары жұлдыздар; Күн, Сатурн, Жер, Юпитер.			
30	"М. Төрежановтың "Адал дос" әңгімесін оқу. Батыл, ержүрек, қайсар".	Балаларда "туған жер" түсінігін дамыту; М.Төрежановтың "Адал дос" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; қазақ тілінде мәтінді тыңдау мен оқиға тізбегін байқау біліктіліктерінің дамуына әсер ету; қорқыныш, қайсарлық, әлсізге қамқорлық сияқты аспектілерді түсіндіру; берілген сөздерге қарама-қарсы мағынала сөз табуға, сұрақтарға еркін жауап беруге жаттықтыру; жақсы әдеттерге дағдыландыру.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "ержүрек", "қайсар", "батыл", "адал" сөздерін еңгізу; "адал дос", "ашулы ит", "көше бойы", "ит адамның досы" сөз тіркестері, "Жақсы дос үшін жан пида" мақалы арқылы сөздік қорларын молайту.	Көңілді әуен аудиотаспасы. "Туған жер" тақарыбына сәйкес демонстрациялық сюжетті суреттер бөлімі және тақырыпқа жанаспайтын суреттер. Ойын ауласындағы шудың аудиотаспасы. Демонстрациялық суреттер бөлімі: М. Төрежановтың "Адал дос". Әңгіме желісі бойынша	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көше көлігі жайында кіріспе әңгімелесу. М. Төрежановтың "Адал дос" әңгімесін мәнерлеп оқу. Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу "Итімай". Пиктограммаларды қолдану негізінде әңгіме желісі бойынша әңгімелесуге арналған сөздік жаттығу. Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу. "Керісінше айт". Сурет негізінде есте сақтауға арналған сөздік	1	Сәуір айы 07.04.26ж

					әңгімелесуге арналған пиктограммалар бөлімі: - қорыққан бет әлпет; - үлкен қорқыныш бет әлпеті; - қуанған әл петі; - езу тартқан бет әлпет; - жымиған бет әлпет.	жаттығу. "Есте сақта": "Жақсы дос үшін жан пида".		
31	"Ағаш түрлері. Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын".	Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; "шырынды ағын" сияқты табиғи құбылыспен, таныстыру; қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін байқауды үйрету; Ізденімпаздылыққа,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздіктеріне "тамыры", "діңі", "бұтағы", "шырынды ағын", "емен", "терек", "қарағай" сөздерін еңгізу; тақпақ жаттау арқылы сөздік	Көктемгі ормандағы құстар әнінің аудиотаспасы. Заттық демонстрациялық суреттер: терек, шырша, аққайың, қарағай, емен. Демонстрациялық сурет ""Ағаштар"". Ағаш	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз. "Қар еріді, су ақты,.." (Қ. Аманисалов) өлеңін мәнерлеп оқу. Сурет бойынша сөздік жұмыс. "Ағаштың құрылымы" суретті-сызба негізінде "ағаш" түсінігін модельдеуге арналған жаттығу . Сөзді-ырғақты жаттығу.	1	Сәуір айы 14.04.26ж

		байқампаздылыққа тәрбиелеу.		қорларын арттыру.	құрылымының демонстрациялық суретті-сызбасы. Орамал сыңайлы бүктелген, төртбұрышты қағаз беттің сурет-сызбасы. Сурет негізінде есте сақтауға арналған сөздік жаттығуға қажет көңілді шеңбер ырғақты әуен аудиотаспасы. Есте сақтауға арналған жаттығуға қажет сызбалы суреттер бөлімі: "Аққайыңдар сырғаларын тағынды ..."	"Жау, жау, жаңбыр!". Есту зейінділігіне арналған жаттығу. "Аққайың неге жылайды". Мәтін мен сызбаны сәйкестендіруге негізделген сөйлеу тілін дамытуға арналған сөздік жаттығу. "Аққайың неге "жылайды"?". Суретке негізделген есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Аққайыңдар сырғаларын тағынды ..."		
32	"Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң	"Достық" түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын	Сөздік жұмыс. Байланыстыр	Сөздіктеріне "достық", "сол жаққа",	Достық атмосферасын елестететін әуен	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз."Достық деген	1	Сәуір айы 21.04.26ж

	жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы".	жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру.	ып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"оң жаққа", "жоғары", "төмен", "ортасы" сөздерін еңгізу; "ойыншықпен бөлісу", "әуен тыңдау", "жақсылықпен бөлісу", "мұнара салу", "жүрегін тыңдау", "қол ұстасып" сөз тіркестері арқылы тіл байлықтарын арттыру.	аудиотаспасы. Алан бейнесінің демонстрациялық суреттері. Демонстрациялық суретті-карточкалар: ойыншық, құлақ, ән, қуаныш, мұң, бұлттар, мұнара, жүрек, қолдар. "Достық" тақырыбына арналған интеллектуалды картаның бастапқы демонстрациялық сыбасы: беттің ортасында қол алысқан белгісі бар шеңбер орналасады, одан яғни орталық шеңберден жан-жаққа сәулелер тарайды да, он екі бос шеңберлермен	не?". (Д. Қ Бұланбаева) Таныс, жиі қайталанатын сөздерді есте жаңғыртуға арналған сөздік жұмыс. Мәтіннен мысал келтіру негізінде есту зейінділігіне арналған сөздік жаттығу. Интеллектуалды картаны құрастыру негізінде "достық" түсінігі модельдеуге арналған жаттығу. "Достық" түсігіне сәйкесін картадағы бос шеңберге жапсырасыңдар. Заттың жазықтықтағы орнын айқындауға арналған сөздік жаттығу. Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "Есте сақта": "Ағаш тамырымен мықты, адам досымен мықты."		

					аяқталады. "достық" түсінігін айқындайтын интеллектуалды картаға арналған суретті-фишкалар. Сондай-ақ "достық" түсінігіне сәйкес келмейтін фишкалар: төбелесу; ренжу; ұрысу; алдау; т.б. Он екі қажет фишкалармен толыққан интеллектуалды картаның сызба-суреті. Жерге дейін көгілдір аспан мен көк шөп бейнеленген аяқталмаған демонстрациялық. Суретті-сұлбалар - ортақ суретке арналған бөліктер:			

					екі бұлт, күн, бірнеше гүл талы, Алан, досы, үй, Вики күшік. Жерге дейін көгілдір аспан мен көк шөп бейнеленген және балалар орналастырған барлық бөліктері бар аяқталған суреттің суретті-сызбасы.			
33	"Сарбаздар! Адымда! Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға".	Балалардың әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, "Отан" туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; "алдыға", "артқа", "оңға", "солға" ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау; марш ырғағында саптық әндерді айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым бұйрықты орындауды үйрету;	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздіктеріне "сарбаз", "дауылпаз", "сап" сөздерін еңгізу; "Отанды қорғау", "адымдау", "еңбектеу", "секіру", "жүгіру"; "оңға",	Марш ырғағындағы аудиотаспа. Әскери сарбаздар маршының бейнеролигі. Сөздік жұмысқа суреттер: - сарбаз автомат ұстап тұр; - сарбаздар адымдайды;	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз. "Желбіретті көк туды,.." (Д.Қ Бұланбаева) Сурет бойынша сөздік жұмыс. "Сарбаздар не істейді?". Қарама-қарсы мағыналы мнемокарточкаларды салыстыру негізінде сөйлем құрауға арналған	1	Сәуір айы 28.04.26ж

		сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; коммуникативті біліктіліктерін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.		"солға", "алға", "артқа", "адым бас", сөздері арқылы сөздік қорларын арттыру.	- сарбаздар еңбектейді; - сарбаздар жүгіреді. Сәйкестендіру бойынша сөйлем құрауға мнемокарточкалар: - түзу - қисық; - қатты - ақырын; - жылдам - баяу; - алас - биік. Адымдау жаттығуына әскери қалпақтар.	сөздік жаттығу. "Сарбаздар не істейді?". Адымдау негізінде сөздік-ырғақты жаттығу. "Сарбаздар! Адымда!". Есту зейінділігі мен өзіндік бағдарлауға арналған саптық бұйрық негізінде сөздік жаттығу. "Алға, артқа, оңға, солға". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте сақта": Отан туған үйіміз, Отан туған жеріміз. Отан ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз.		
34	"Гүлдер. Алыс-жақын".	Балалардың гүлдердің түрлерімен таныстыру; нысанның орналасуын "жақын", "алыс" бақылау жайлы түсініктерін дамыту; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы есте сақтауды үйрету; суреттегі нысанның	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздіктеріне "түймедақ", "меруертгүл", "сәлдегүл", "шегіргүл" сөздерін еңгізу; "ақ көйлек", "ақ моншақ", "үлпілдек",	Көтеріңкі көңіл-күйге жетелейтін әуен аудиотаспасы. Хатқалта немесе хат бейнеленген демонстрациялық сурет. Демонстрациялық сурет: үй	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз. "Гүлдер". (А. Меңжанова) өлеңін мәнерлеп оқу. Сурет бойынша сөздік жұмыс. "Гүлдер". Пішінді қабылдау негізінде нысанды елестетуге арналған сөздік	1	Мамыр айы 05.05.26ж

		орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту.		"қып-қызыл", "күлгін көйлек" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту.	ауласында өсіп тұрған, көктемгі гүлдер. Демонстрациялық заттық суреттер: түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, қызғалдақ, тағы басқа. Демонстрациялық сурет: "Гүлдер". Гүлдердің көлеңке сұлбаларының демонстрациялық суреттері: түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, қызғалдақ, шегіргүл. Бес жұп суретті-сызба: ортасынан сызықпен бөлінген парақ, сол жақта гүлдің көлеңке, оң жақта гүл.	жұмыс. "Қандай гүл жасырынған?". Логоырғақ. "Бақ-бақ бақа". Заттың жазықтықтағы орналасу дәрежесін айқындауға арналған сөздік жаттығу. "Алыс - жақын".		

					Көңілді, ырғақты әуен аудиотаспасы. Бақалар шығаратын дыбыс аудиотаспасы. Демонстрациялық сурет: тоғандағы бақа. Ауыл аймағында алыс, жақын орналасқан түрлі жанды, жансыз табиғат нысандары бейнеленген демонстрациялық сурет.			
35	"Егістікке арбамен барамыз. Еркелетіп ата".	Балаларды қазақ тілінде қарлығаш туралы ән айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктіліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын	Сөздіктеріне "маса","қоңыз", "шегіртке" сөздерін еңгізу; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздері	Үй жануарлары мен құстардың дауыстарының аудиотаспасы. Қарлығаштың дыбыстауын бейнелейтін аудиотаспасы. Айқын ырғақты	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ауыл туралы кіріспе әңгімелесу. "Не қалай дыбыстайды?" сөздік ойыны. Бейнеленген бөліктер мен сұрақ-жауап негізінде суреттің тұтастық	1	Мамыр айы 12.05.26ж

		еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінділігін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	дамыту.	"бұзауқан", "құлыншақ", "қошақан", "ботақан" арқылы тіл байлықтарын арттыру.	әуен аудиотаспасы. Ауыл аймағында жақын, алыс орналасқан түрлі жанды және жансыз табиғат нысандары бейнеленген демонстрациялық суреттер. Демонстрациялық сурет "Үй жануарлары", "Үй құстары". Қарлығаш тірлшілігінің ерекшелігін бейнелейтін демонстрациялық сурет. Қарлығаш тірлшілігінің ерекшелігін бейнелейтін сурет бөліктері. Мнемокарточка: "Қарлығаш!".	түсінігін модельдеуге арналған жаттығу. "Қарлығаш - жыл құсы". Мнемокарточка негізінде есте сақтау мен есту зейінділігіне арналған сөздік жаттығу. "Қарлығаш-ау, қарлығаш!". Ым-ишара мен музыкалық сүйемелдеу негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. "Қарлығаш-ау, қарлығаш!". Логикалық сәйкестендіру мен есту зейінділігіне арналған сөздік жаттығу. "Еркелетіп ата". "Үй жануарлары" демонстрациялық суретін көрсету. Есте сақтауға арналған жаттығу. "Есте сақта": "Қарлығаш жоғары ұшса, ауа - райы жақсарады. Ал төмен, жер бауырлай ұшса, ауа - райы бұзылады".		

					Қарлығаш турыла тақпақтың мазмұны бойынша мнемокарточкалар. Үй жануарларының төлдері (құлын, бұзау, қозы, бота) бейнеленген фишкалар.			
36	"Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері".	Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; "Жаз" тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздіктеріне "арба", "есек", "бүлдірген", "ара", "көбелек" сөздерін еңгізу; "жаз" тақырыбын айқындайтын сөз тіркестері мен спектрдің жеті түсін атау арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.	Жаз мезгілі келгенін айқындайтын әуен аудиотаспасы. Жаздың келуін бейнелейтін демонстрациялық сурет. Жұпты мнемокарточкалар: - суық - ыстық; - қар - жаңбыр; - қарша - кемпірқосақ; - коньки тебу -	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Жаз мезгілі жайында кіріспе әңгімелесу. Мнемокарточкаларды сәйкестендіру негізінде сөздік жаттығу. "Дұрысын таңда". Музыкалық сүйемелдеуге негізделген сөзді-ырғақты жаттығу. "Көңілді арба". Сурет бойынша өлеңді мәнерлеп оқу. "Жаз келіпті жадырап,.." (Д. Қ Бұланбаева). Драматизациялауға	1	Мамыр айы 19.05.26ж 26.05.26ж

					өзенде шомылу; - қармен ойнау - доппен ойнау. Жаздың ерекшеліктерін білдіретін суретті-карточкалар. Есекке жегілген арба, арба үстінде балалар бейнеленген демонстрациялық сурет. Жүрген арба мен жылқы тұяғының дүбірін білдіретін ырғақты әуен аудиотаспасы. Шөп арасында піскен бүлдірген бейнеленген демонстрациялық сурет. Заттық суреттер: түймедақ, ара, көбелек, бүлдірген. Кемпірқосақ	арналған сөздік жаттығу. "Жаз келіпті жадырап,.." Түстерді қайталау мен сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. "Сиқырлы кемпірқосақ". Есте сақтауға арналған жаттығу. "Мен нені есіме сақтадым?"		

					бейнеленген демонстрациялық сурет. Бетперделер: аралар, көбелектер,түймедақ, бүлдірген. Түймедақ пен бүлдіргеннің бетперделері жәндіктердікіне қарағанда екі есе артық. Жеті түстің карточкалары.			
							36 сағат	

Бекітемін:
«Бал-Мерей» бөбекжай -
бала бақшасы» ЖШС меңгерушісі:
А.Е.Карабекова
29 тамыз 2025 жыл

2025 - 2026 оқу жылына арналған Қазақ тілі пәні мұғалімінің апталық циклограммасы

Мектепалды «Айжұлдыз», «Балапан», «Радуга» топтары

Пән мұғалімі: Усерова Гүлнур

2025-2026 оқу жылы

Қазақ тілі пәні мұғалімінің апталық циклограммасы

«**Бал - Мерей» бөбекжай – бала бақшасы» ЖШС**

Топ: **Мектепалды «Айжұлдыз», «Балапан», «Радуга» топтары**

Балалардың жасы: 5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: **2025-2026 оқу жылы.**

№	ҰІӘ тақырыбы	ҰІӘ мақсаты	Сөйлеуді дамыту тараптары	Сөздік жұмыс	Құрал-жабдықтар	Ойын мен жаттығулар	Сағат саны	Күні
1	"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".	Тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдана білуге дағдыландыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажырата білуге бейімдеу; [ә], [ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі ә,ө дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Сәлем!", "Сәлеметсіз бе!", "Сау болыңыз!", "Менде мынандай бар" ,"Сенде не бар?", "Кел, ауысайық", сияқты сөз тіркестерімен және Абдрахман Асылбектің ойыншықтарға арналған өлеңдерімен таныстырып, жаттату арқылы сөздік қорларын байыту,	Ырғақты көңілді әуендердің аудионұсқасы. Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта, нұсқау таяғы. Карточкада бейнеленген суреттер топтамасы. Демонстрациялық суреттер: қуыршақ, қонжық, құлыншақ, жүк көлігі, әтеш (әтештің суретін көрсеткен кезде "Ә" әрпінің де бейнесі бірге шығып	Суретке негізделген қарапайым сөйлем құрастыруға арналған ауызша жаттығу. "Мен ойыншықпен ойнаймын". "Ойыншықтар дүкені" ойынына негізделген ойыншықтар туралы өлеңдерді жаттатуға арналған ауызша жаттығу. Ойыншықтармен ойнау ережелерін сақтауға негізделен ауызша ырғақты жаттығу. "Ойыншықтарды	1	Қыркүйек айы 03.09.25ж

				ойыншық атауларын қайталата отырып айтылым дағдыларын дамыту.	тұрады, басқа әріптерге қарағанда "ә" әрпі ерекшеленіп қызыл түске боялып тұрады), барби қуыршағы, ұшақ, робот, мотоцикл, өрт сөндіргіш көлік ("ө" әрпі бірге көрсетіледі, ерекшеленіп тұрады), өрмекші адам ("ө" әрпі бірге көрсетіледі, ерекшеленіп тұрады), пони, доп,қоян,садақ. Мұғалім тақпақта кездесетін ойыншықтар атауын орнында тұрып немесе әртүрлі жерге іледі, жабыстырады. Демонстрациялық суреттер: арыстан, күшік, қой, піл, көжек, ұшақ. Абдрахман Асылбектің	шашпаймыз". Рөлдік ойын негізінде қарапайым диалогтерге арналған ауызша жаттығу. "Кел,ауысайық". Есту арқылы қабылдау дағдыларын қалыптастыратын ойын жаттығуы. "Бесік жыры".		

					өлеңінде суреттелетін ойыншықтардың бейнесі			
2	"Сауат ашу және жазу. Дыбыстар мен әріптер".	Балалармен сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігілімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке, тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	"Сөз, дыбыс, әріп, әліпби, қуыршақ, көлік сөздерін, сөздерін қолданып, артикуляциялық гимнастиканы, Н.Жанаевтың «Еңбек» өлеңін жаттату арқылы сөздік қорларын байыту, дамыту.	Суреттерді көрсетуге арналған интерактивті тақта, музыка тыңдауға арналған магнитофон, суреттер, үлестірмелі карточкалар, жұмыс дәптері, қалам, қарындаш, әліпби, ойыншықтар.	Әліппемен танысу. "Кім көп біледі?" ойыны. Сергіту сәті "Бақшамызға барамыз". Дидактикалық ойын "Дыбысты ата". Саусақ жатығуы "Сөздер". "Ойыншықтар" дамыту ойыны.	1	Қыркүйек айы 08.09.25ж
3	"Отбасы мүшелері".	Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, "отбасы" туралы ұғымдарын кеңейту; қ дыбысымен таныстыру,	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын	Сөздік қорларына "үлкен", "кіші", "туыстар", "аға", "әпке" сияқты сөздерді енгізіп,	Ырғақты әуендер. Отбасы суреті. Демонстрациялық суреттер, карточкалар: әке, ана, әже, ата,	Суреттер мен өлеңдерге негізделген сөздік жұмыс."Отбасы"". Жұмбақты мәнерлеп оқу.	1	Қыркүйек айы 10.09.25ж

		сөздер мен сөз тіркестеріндегі қ дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету;отбасы мен туыстық атауларды қазақ тілінде түсіну, айту, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарыне деген сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.	дамыту.	"ана", "әке", "әжетай", "анашым", "әкешім" сынды отбасы мүшелерінің атаулары арқылы айтылым дағдыларын жандандыру; "отбасы" тақырыбындағы сұрақтарға толық жауап беру арқылы тілдерін байыту.	қарындасы, ағасы, інісі. Отбасы ағашының үлгісі. Отбасы ағашының толтырылған нұсқасы. Туыстардың суреті. Суреттер: көп ақша салынған әмиян; джип машинасы; сарай; қораптағы зергерлік бұйымдар; отбасылық фотосурет. Сурет: барлық суреттер сызылады, отбасының суреті ғана қалады. Отбасы мүшелерінің суретін орналастыруға арналған бос дөңгелектері бар отбасы ағашы бейнеленген таратпа беттер. Тәрелкеге немесе қорапқа салынған отбасы мүшелері	"Отбасында кімдер бар?" Жұмбақ пен зияткерлік карта негізінде "отбасы" ұғымын модельдеуге арналған ауызша жаттығу. Педагог балаларға "Отбасы" тақырыбындағы отбасы ағашының "Қ дыбысымен таныстыруға арналған ауызша жаттығу. Отбасы мүшелерін еркелетіп атауды үйретуге арналған жаттығу. "Бес бармақ". Интеллектуалды карта негізінде жеке құрастыруға арналған ауызша және практикалық жаттығу. "Менің отбасым". Мәтін мен зияткерлік карта негізінде "туыстар"		

					бейненленген дөңгелек фишкалар.	ұғымын қалыптастыратын, үйрететін ауызша жаттығу. "Туыстар". Есте сақтау қабылеттерін дамытатын жаттығу. "Есте сақтайық": "Менің отбасым - менің байлығым".		
4	"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері".	Өзінің аты, жөні, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңілдерінің атын атау; өзінің туған күінін атау; отбасыдағы өзінің міндеттерін атау және орындау; біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; тыңдау-түсіну, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; блаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Ата, ана, аға, апа, іні, отбасы, сөйлем сөздерін айтқызып сөздік қорларын байыту артикуляциялық гимнастика көмегімен сөйлеу дағдысын жетілдіру.	Суреттерді көрсетуге арналған интерактивті тақта, әуен тыңдауға арналған үнтаспа, суреттер, көк, қызыл ойынтастар, айна, карточкалар; әліппе- дәптер, суреттер, жұмбақтар, буындар, ойыншықтар, түстері әр түрлі, мөлшерлері бірдей екі машина, ау, қуыршақ, кубик, доп, (әдемі қорапша (себет)) мүмкіндігінше	Шаттық шеңбері. "Біз балдырған баламыз".Тыныштық сәті. Жұмбақ жасыру «Отбасы». "Тынымсыз Тіл тып-тыныш" әні. Саусақ жаттығуы: "Өрмелеген өрмекші". Жұмбақ жасыру (үлестірмелі қима-қағаздармен жұмыс). Сергіту сәті. "Үйде нешеу екенбіз". Жаңа тақырыпты түсіндіру. "Сөз дыбыстан	1	Қыркүйек айы 15.09.25ж

					айқын болғаны жөн, қатты қағаздан ақ жалауша. "Үлестірмелі құралдар" ақжолақшалар (1,5 х 5) әр үстелде жеткілікті мөлшерде болуы керек.	құралады". "Кім көп біледі?" ойыны. "Сөз жарысын" жаттығуы. "Кім көп сөз ойлайды?" ойыны. Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл жаңылтпаштар. «Шана» сөзін буынға бөлу. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Біздің отбасымыз».		
5	"Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері".	Балалардың күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту, күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; "ү" әрпінің дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілерімен, уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; уақыт пен күн тәртібіне сәйкес іс-әрекеттері бар суреттерді таңдауда,	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздікке "тәулік", "күн тәртібі", "уақыт өлшемдері" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, оларды қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы жаңа сөздерді жандандыру.	Ырғақты әуендердің аудиожазбасы. Бірнеше тақталар, интерактивті тақта, нұсқау таяғы. Тәулік бөліктеріндегі уақыт қозғалысы туралы бейнеролик. Демонстрациялық суреттер: күннің төрт бөлігі. Күннің төрт бөлігінің күйін	Амандасу жаттығуы. Жұмбақтар мен суреттерге негізделген сөздік жұмыс. "Күннің бөліктері". Бейнематериал негізінде мәнерлеп оқу. "Ү"әрпімен танысу. Көркем сөз. "Уақыт" . Дыбысты-ырғақты санамақ. "Таң, күн,	1	Қыркүйек айы 17.09.25ж

		белгілі бір оқиға туралы қарапайым сөйлемдер құруда өз бетінше жұмыс жасай алу дағдыларын дамыту.			көрсететін суреттер: күннің шығуы, түскі уақыт, күннің батуы, түн. Сурет схемасы: күннің бөліктерін көрсететін төрт бөліктен тұратын шеңбер Тәулік бөліктерінің карточкалары: таң, күн, кеш, түн. Суреттер: тәуліктің белгілі бір бөлігіндегі әрекеттерді көрсететін суреттер. Схема сурет: күн тәртібіндегі әрекеттер кезекпен орналасқан суреттер. Карточкаларды салуған арналған төрт қорап. Жаттығу қимылдары бейнеленген карточкалар. Сурет схемасы: 12	кеш, түн". Жалпы ұғымдарды қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Күн тәртібі". Қимылға негізделген ауызша жаттығу. "Мен, сен, ол, және біз". Өз бетімен сөз тіркестері мен сөйлем құрастыру дағдыларын дамытуға арналған ауызша тәжірибелік жаттығу. "Қай уақытта орындаймыз?" Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтаймыз".		

					бөлікке бөлінген, біреуі ғана қызылға боялған жасыл шеңбер.			
6	"Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар".	Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, жуан және жіңішке дауыстылар болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппараттарын дамыту; білуге деген құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Дауысты дыбыс, жуан және жіңішке дыбыс деген сөздерді қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту	Ырғақты әуендердің аудиожазбасы, бірнеше тақталар, интерактивті тақта, нұсқау таяғы, дауысты дыбыстар, жуан және жіңішке дыбыстар бейнеленген карточкалар; ұл және қыз қуыршақтары; тоңазытқыш, жылқы, жарқанат, бұлт найзағай, найзағай, жаңбыр, кемпірқосақ, күн, қар суреттері, кесте сызықтар. Бала санына байланысты жұлдызшалар, құрастыратын суреттер, карточкалар,	Ертеңгілік шеңбері. "Қол алысып, қәне, біз". Артикуляциялық гимнастика «Кесе». Топтық жұмыс: "Дауысты және дауыссыз дыбыстар". Тәжірибе жұмысы: «Әріптен сөз құра». Көркем жаз «Шапалақ пен бас аяқ» «Суретті құрастыр» жаттығуы. "Көлеңке" сергіту сәті. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығу. «Қуыршақтардың есімі» дидактикалық ойыны.	1	Қыркүйек айы 22.09.25ж

					қаламсаптар.	Карточкамен жұмыс: "Мақал-мәтелдегі жуан және жіңішке дауысты сөздерге сипаттама бер". Саусақ жаттығуы «Достық». Жазылым жұмыстары. Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған ауызша жұмбақ жасыру, ойын тапсырмалары, мақал мәтелдер айту жаттығуы. «Сиқырлы қорапша» Ойын: «Сергіту». Ойын: «Ауа райының өзгерістерін тап». «Табиғат туралы мақал мәтелдер айту».		
7	"Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасын	Балалардың Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін, "Отан" ұғымын кеңейту, Қазақстанның табиғи	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық	Сөздікке "ата-баба", "саяхат" сөздерін енгізу, сөздікті "кең дала", "асқар	Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының аудиожазбасы.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау. М.Мақатаев "Отан"	1	Қыркүйек айы 24.09.25ж

	ың мемлекеттік рәміздері".	байлықтарын насихаттау; "і" әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, Отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды елтаңбаның және тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажырата білуге және есте сақтауға үйрету; зат есім мен сын есім бар сөз тіркестерін құрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу.	құрылымын дамыту.	таулар", "ұзын өзендер", "көк теңіз", "ыстық шөл", "орман мен тоғайлар" ,"жарқын күн" сөз тіркестерімен және "Отан - елдің анасы" мақалымен жандандыру.	Ырғақты әуендердің аудиожазбасы. Демонстрациялық сурет: дос балалар. Басты нышандары көрсетілген Қазақстан жайлы бейнеролик. Демонстрациялық суреттер: Қазақстанның елтаңбасы, Қазақстанның мемлекеттік туы. Суреттер жиынтығы. Ою-өрнегі бар заттардың суреттері: киіз, ою-өрнегі бар киім, ою-өрнегі бар ыдыс, сырға, білезік және ою-өрнегі бар тұмар. Қазақстан туралы өлеңді оқуға арналған суреттер. Жұп карточкалар. Қазақстанның түрлі-түсті картасы, бірақ ландшафтсыз,	өлеңін оқу. Суреттер мен сұхбаттар негізінде "Қазақстанның мемлекеттік рәміздері" ұғымын визуализациялау бойынша ауызша-логикалық жаттығу. Ауызша жаттығу. "Досың табыста". Мәнерлеп оқу. "Менің Отаным"". "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп оқу негізіндегі ырғақты жаттығу. Жұптастырылған карточкалармен жұмыс. "І" әрпімен танысу. "Қазақстан" ұғымын топтық модельдеу бойынша сөздік-практикалық жаттығу. Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Отан - елдің анасы".		

					картадағы нысандарсыз. Барлық ландшафтық нысандармен толтырылған Қазақстан картасы. Қазақстанның табиғи ландшафтары бейнеленген картаға арналған суреттер: таулар, өзен, теңіз, шөл, орман, дала, көл.			
8	"Менің Отаным - Қазақстан. А, Ә дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".	Балаларды "А-Ә" дыбыстарымен, "А а - Ә ә" әріптерімен таныстыру. "А-Ә" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. "А-Ә" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "А-Ә" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	А дыбысы, Ә дыбысы, баспа түрі, жазба түрі. Әтеш, бәйшешек, жаға, ұшақ, әткеншек, әпке, әке, сәбіз, дәрі, ән, әңгіме, айна, аю, ат арба, асхана сөздерін қолдана отырып, балалардың	Интерактивті тақта, таяқша, А-Ә дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, текшелер, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. «Менің Отаным –	Шаттық шеңбер: «Біз көңілді баламыз». Артикуляциялық жаттығулар: "Ән", "Дуал", "Жалпақ тіл", "Сағат", "Жоғары - төмен,"«Пя – пя - пя" , "Тісімізді тазалайық". Кіріспе әңгімелесу: "А дыбысы".	1	Қыркүйек айы 29.09.25ж

		қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту.		сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту.	Қазақстан» кітабы. Елбасы суреті, Қазақстан Республикасының картасы, рәміздері, Бала санына байланысты жазу дәптерлері, қаламсаптар.	Сұрақ-жауап: "Біздің Отанымыз". Дидактикалық ойын «Буынға буын қос». Тапсырмасы.”Орны н тап”. «Адасқан сандар» ойыны. Тіл ұстарту жаттығулары (А жіне Ә). Ойын «Кім шапшаң?» Саусақ жаттығуы. "Кел санайық санамақ". Жазылым жұмыстары. «Әтеш» , «Айна» сөздеріне буындық-дыбыстық талдау. "Кім жылдам?" ойыны. "Кім тапқыр? дидактикалық ойыны.		
9	"Жыл мезгілдері. Алтын күз".	Балаларда "күз", "жапырақтың түсуі" ұғымдарын; "алтын күз" туралы түсініктерін одан әрі дамыту; "ғ" әрпімен және етістіктермен таныстыру;	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып	Сөздікке "алтын күз", "жапырақтың түсуі" сөз тіркестерін	Тыныш әуеннің аудио жазбалары. Интерактивті тақталар, нұсқау таяғы.	Амандасу жаттығуы. Көркем сөз. Жұмбақ. "Күз". Кіріспе әңгімелесу.	1	Қазан айы 01.10.25ж

